

# АЙГЕАК

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jurnalistika Akademiasynyn "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jurnalistler odaqynyn Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy sylyqtarynyn, "Altyn júrek" sylyǵynyn iegeri



№50 /sarsenbi/ 10 jeltocsan 2025 jyl

## ЕЛІМІЗДЕГІ АЛФАШҚЫ ӘМБЕБАП КЕШЕН

Шымкент қаласының Елтай шағын ауданында өртке қарсы қызмет, жедел медициналық жәрдем және полиция бөлімшелерін бір аумақта шоғырландырған Қазақстандағы алғашқы әмбебап жедел қызметтер кешені ашылды. Бұл – еліміздің төтенше жағдайлар саласындағы инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы маңызды қадамдардың бірі. Салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов, Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков, азаматтық қорғау ардагерлері және салалық департаменттердің басшылары қатысты.

«Аумақтарды дамыту жоспары» аясында жүзеге асқан бұл бірегей жоба қаланың қоғамдық қауіпсіздік жүйесін күшейтіп, төтенше жағдайларға жедел әрекет ету уақытын қысқартуға бағытталған. ТЖМ басшысы кешенге символикалық кілттерді табыстай отырып, жаңа нысан қызметкерлерінің тәулік бойы кезекшілікке толық дайын екенін атап өтті. Оның айтуынша, жедел қызметтердің бір аумақта орналасуы оқиға орнына бару уақытын едәуір қысқартып, халықты қорғаудың тиімділігін арттырады.

Жергілікті бюджет есебінен баржоғы алты айда салынған жаңа кешенде қызметтік бөлмелер, ГТҚК бекеті, оқу мұнарасы, асхана, оқу сыныбы мен спорт алаңы қарастырылған. Полиция және медицина қызметкерлеріне жеке бөлмелер, техникалық құралдарға арналған гараж және көлік тұрақтары да бар. Бұл жерде №8 өрт сөндіру бөлімі, жедел медициналық жәрдем бригадасы және полиция қызметкерлері орналасып, Елтай шағын ауданының 16,5 мыңнан астам тұрғынының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Жыл соңына дейін мұндай екінші нысан Сәуле шағын ауданында ашылмақ, ал 2026 жылы қала аумағында тағы алты әмбебап кешен салу жоспарлануда.

Осы сапар барысында Шымкентте материалдық-техникалық құралдарды сақтау және арнайы автокөліктерді орналастыруға арналған заманауи ангар кешені де пайдалануға берілді. Жалпы аумағы 1920 шаршы метрді құрайтын бұл нысан ірі габитті техниканы, жабдықтарды және төтенше жағдайлар кезінде қажет резервтерді тиімді орналастыруға мүмкіндік береді. Ашылу рәсіміне де министр Шыңғыс Әрінов пен қала басшылығы қатысты. Жаңа ангар күштердің басқарылуын жақсартып, жедел әрекет ету дайындығын арттыруға ықпал ететіні атап өтілді. Бұл нысан – ТЖМ-нің материалдық-техникалық базасын нығайту жолындағы маңызды қадамдардың бірі.

Шымкентке жұмыс сапары барысында министр күрделі жөндеуден өткен №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне де барды. Инвесторлар есебінен жүргізілген жөндеу жұмыстары 2025 жылдың маусымынан бастап бірнеше ай бойы жалғасып, ғимараттың барлық қабаттары жаңартылды. Оқу сыныптары, душ бөлмелері, асхана, демалыс бөлмелері мен қызметтік кабинеттер қайта жабдықталып, инженерлік желілер толық ауыстырылды, фасады жаңартылды. Сонымен қатар бөлімше заманауи өрт сөндіру техникасымен, оның ішінде автоцистерналар және автосатылармен толықтырылды. Өрт сөндірушілердің дене дайындығын арттыруға арналған жаңа workout-аймақ та салынды.

Шолушы.



**Өткен жұмада елімізде кәсіпкерлерді қолдап, ынталандыру мақсатында «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлығының лауреаттарын, «Қазақстанның үздік тауары» атты жыл сайынғы дәстүрлі байқауы ұйымдастырылды.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көрме-конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде сөз сөйледі. Президент кәсіпкерлікті дамыту саясатының маңызды мәселелерін жиын барысында атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев:

EgovBusiness платформасы жұмыс істеп тұр. Соның арқасында мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтер қолжетімді бола түсті. Енді платформаны Бизнесстің цифрлық

мүмкін. Мұндай болжам бар. Қазір

рулер мен заңсыз қылмыстық қудалаудың алдын алу бойынша белсенді жұмыс атқарылып жатыр. Экономикалық қылмыстарды декриминализациялау жүргізілді.

Мұның бәрі «Заң мен тәртіп» қағидатының орныға түсуіне ықпал етеді. Бас Прокуратураның Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитеті жыл соңына дейін Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет болып өзгереді. Ірі инвесторларға арналған «Жасыл дәліз» жүйесі іске қосылды. Енді оларға рұқсатнама құжаттары тез берілетін болды.

Мен Жолдауда жаңа инвестициялық кезенді бастау қажеттігін айттым. Қазір әлемде нарық және капитал үшін талас-тартыс күшейіп барады. БҰҰ Сауда және даму жөніндегі конференциясының (ЮНКТАД) мәліметіне сәйкес, дүние жүзі бойынша тікелей шетелдік инвестицияның нөпірі айтарлықтай өскен. 2024 жылы әлемде нақты секторға бағытталған инвестиция көлемі 11 пайызға, яғни 1,5 триллион долларға дейін қысқарған. Басқаша

## ҮЗДІК КӘСІП ИЕЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

### БІРІНШІ.

Кәсіпкерлер үшін салық, тариф және реттеу саясатының айқын әрі әділетті болғаны ерекше маңызды. Жаңа Салық кодексі мемлекет пен бизнес арасындағы ынтымақтастық моделін жаңғыртады. Кәсіпкерліктің орнықты дамуы өзара міндеттерді орындауға негізделетінін түсінгеніміз жөн. Осы орайда мемлекет қолайлы іскерлік орта қалыптастырады. Ал бизнес салықтан жалтармайды. Бұл дамыған, өркеніетті елдердің барлығына тән. Соған қарамастан маған бизнес тарапынан жаңа Салық кодексінің кейбір нормаларын іске асыру мәселесіне қатысты өтініштер түсіп жатыр. Өтініштердің мазмұны баршаға мәлім, олар бұқара-лық ақпарат құралдарында жариялануда. Үкімет оларды мұқият саралап, ақылға қонымды шешім табады деп ойлаймын.

Келесі жылы Қазақстандық тауар өндірушілер реестрі мен Тауарлардың ұлттық каталогы енгізілетінін де ескеруге тиіспіз.

Үкімет «Атамеке» палатасымен бірге осы жылдың соңына дейін бизнес-қоғамдастыққа зияны тимейтін жаңа нормалар енгізуді қамтамасыз еткені жөн.

**ЕКІНШІ.** Сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллект 2030 жылға қарай әлемдік ішкі жалпы өнімге 17 триллион доллардан 26 триллион долларға дейін пайда әкеліп, 78 миллион жұмыс орнын аша алады. Ал Қазақстан жағдайында цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу ішкі жалпы өнімге 14 миллиард доллардан 20 миллиард долларға дейін кіріс әкелуі

картасымен өзара байланыстыру жұмысын аяқтау қажет. Сонымен бірге осы платформаға жергілікті атқарушы органдар көрсететін қызмет түрлерін қосу керек. Бұл шаралар кәсіпкерлердің біртұтас платформа арқылы өртүрлі қызмет алуына мүмкіндік береді.

**ҮШІНШІ.** Экономиканы сапалы дамыту үшін реформаларды жалғастыру керек. Алдымызда бизнес бетпе-бет келетін әкімшілік кедергілерді азайту міндеті тұр. Бұған дейін заңнаманы түгел тексеріп, оны жетілдіру жөнінде тапсырма берген болатынымын. Ол үшін Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жанынан Интеллект арқылы реттеу орталығы құрылады. Міндетті талаптар тізімі енгізіледі. Сондықтан Үкімет пен бизнес-қоғамдықтың үйлесімді әрекет етуін, әсіресе, цифрлық ықпалдастықты күшейту керек. Кәсіпкерлер бюрократияның азайғанын сезінуге тиіс, яғни бұл өткеннің еншісінде қалуы керек. Үкімет пен қадағалаушы органдарға осындай міндет жүктеймін. Бағаның еркін нарық талаптарына сай қалыптасуы, мемлекет иелігінен жаппай шығару және икемді реттеу саясаты – экономиканың табысты трансформациясының кепілі.

**ТӨРТІНШІ.** Бизнесстің мүддесі мен құқығын қорғау мәселесі – біздің алдымызда тұрған аса маңызды міндет. Соңғы жылдары құқық және сот жүйесін жаңғырту үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Әкімшілік әділет институты пайда болды. Бұл бас-тамалар қазірдің өзінде жақсы нәтиже бере бастады. Бизнессті негізсіз тексе-

айтқанда, жа»андық инвестиция биыл екінші жыл қатарынан құлдырап барады. Мұның негізгі себебі – үдей түскен геосаяси шиеленіс пен халықаралық жеткізу тізбегінің үзілуі. Сондықтан біз еліміздегі іскерлік ортаны жақсартуымыз керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды айрықша мақсат.

**БЕСІНШІ.** Бизнессті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру маңызды. Іскерлік белсенділікті одан әрі ынталандыру үшін шағын бизнесі қолдаудың бірыңғай бағдарламасын жедел қабылдаған жөн. Құжатта өңірлердің ерекшелігі мен кәсіпкерлерді нақты қолдау тетіктері қарастырылуға тиіс.

Жергілікті өнімге, білім мен заманауи технологияға басымдық беру айтарлықтай нәтиже әкелетінін тәжірибе көрсетті. Мысал ретінде Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі (JICA) және «Атамеке» ұлттық палатасының қолдауымен жүзеге асқан «Бір ауыл – бір өнім» жобасын келтіруге болады. Ауыл-аймақтардан осындай ақылға қонымды өтініштер мен ұсыныстар жиі түседі. Мәселен, қой мен ірі қара терісін өңдейтін кәсіпорын ашу туралы бастаманы айтуға болады. Еге екенін қайдам, қанша жағдай өтсе де осы шаруаны Үкімет те, бизнес те қолға алмаған. Әйтсе де шағын және бизнес бұл кәсіппен айналысуға ниетті. Үкімет ортақ жауапкершілік қағидатына сай мемлекет пен бизнестің тиімді қарым-қатынас жасауына жан-жақты ықпал етуі керек. Бұл ауылдар мен шағын қалалардың дамуына тың серпін береді.

Ақорда.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БІРНеше ЗАҒҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Аталған Заң арқылы Жер, Бюджет, Кәсіпкерлік, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстерге, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Мәдениет туралы», «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарға өзгерістер енгізілді.

Түзетулердің бірінші блогы жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғаудың құқықтық тетіктерін күшейтеді.

Баланы асырап алу және көмекке толмағандарға қамқоршылықты немесе қорғаншылықты тағайындау барысында баланың туыстарына, ал олар болмаған жағдайда некеде тұрған адамдарға басым құқық беріледі.

Түзетулердің екінші блогына сәйкес, балалардың тамақтануына, тұрғын үйіне, медициналық көмегіне, білім алуына, тәрбиесіне және оларды сауықтыруға мемлекет бюджеті есебінен қаржы бөлінетін субъектілерге (объектілерге) қатысты мемлекеттің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалау тәртібі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңның аясында реттелетін салаға жағқызылады. Сәйкесінше тиісті нормалар Кәсіпкерлік кодекстен алынып тасталады.

Түзетулердің үшінші блогы білім беру саласындағы кейбір түйткілді мәселелерді шешеді.

Бұдан былай техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары Оқу-ағарту министрлігі бекітетін, осындай ұйымдар қызметінің жетістіктерін рейтингтік көрсеткіштерге сай бағалау әдістемесіне және оларды саралау қағидаларына сүйене отырып сараланады. Ал жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының саралануы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекітетін бағалау әдістемесі мен қағидаларына негізделеді.

Түзетулердің төртінші блогы мәдениет саласындағы бірқатар мәселені шешуге бағытталған.

Концерт өткізу кезінде фонограмма пайдалануға тыйым салынады (Бұл ереженің телевизиялық жазбаларға, концерт өткізуге арнайы бейімделмеген және арналмаған орындарға қатысы жоқ). Сондай-ақ авторлық құқық объектісі саналатын шығармаларды масс-медиада немесе онлайн-платформаларда жария түрде пайдаланған кез келген жағдайда авторды (авторларды) көрсету міндетті.

Кітапхана қорын байыту және сақтау шараларын қабылдау бұдан былай жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне кіреді.

**Заң мәтіні баспасөзде жарияланады.**

Қаржы министрлігі жаңа Салық кодексі аясында салықтық әкімшілендіру тәсілдерін жаңғыртты. Көзделген мақсат – бизнеске түсетін әкімшілік жүктемені азайту, фискалдық бақылаудың сапасын жақсарту және салықтық процестерді барынша цифрландыру. Бұл туралы ҚР Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов ОКҚ баспасөз мәслихатында айтты.

Ол салықтық әкімшілендірудің сервистік моделі қалай енгізіліп жатқанын түсіндірді.

«Салықтық әкімшілендірудің әр кезеңінде кеңестер мен консультациялар құралдары қарастырылған. Бұл функция салық декларациясын, оның ішінде арнайы салық режимдері бойынша, сондай-ақ жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкіне қатысты декларацияны толтыру кезінде іске қосылады. Біз салық төлеушілерге есептілікті алғаш тапсыру кезеңінде қате жібермеуге көмектесеміз. Келесі кезеңдерде салықтарды бухгалтерлерге жүгінбей-ақ, оңай төлеуге мүмкіндік беретін сервистер қарастырылған», – деді Ержан Біржанов.

Спикердің айтуынша, ҚҚС төлеушіні тіркеу кезінде компания басшысын Digital ID (Face ID) арқылы аутентификациялау енгізілді. Вице-министрдің пікірінше, бұл функция жалған шот-фактураларды рәсімдеуді болдырмауға мүмкіндік береді.

«Кей жағдайда компанияларды үшінші тұлғаларға рәсімдеп, ЭЦҚ-ны алады,

## САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУДІ ЖАҒА ТӘСІЛДЕРІ



ал оның нақты басшылары мен құрылтайшылары кейін бұл компаниялардан бас тартады. Салдарынан салықтық міндеттемелерді орындау жүктемесі сатып алушыларға артылады. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін біз шот-фактураларды жазу кезеңінде Face ID рәсімін енгізіп жатырмыз», – деп түсіндірді вице-министр.

Оның берген мәліметіне сәйкес қазір 130 мың ҚҚС төлеуші бар, ал келер жылдан бастап олардың саны 30 мыңнан асуы мүмкін. Осыған байланысты декларация толтыру, электрондық шот-фактураларды жазу және салық жүйесінің ерекшеліктері бойынша оқыту жүргізу жоспарда бар.

«Салық төлеушілер декларациялар мен көптеген форманы шатастырып

алмау үшін салықтық есептілік формаларының санын қайта қарау тапсырылды. 2009 жылдан бүгінгі күнге дейін форма саны 44%-ға немесе 70-тен 41-ге дейін қысқарды. Нәтижесінде бекітілген 41 есептілік форма саны 30%-ға қысқарып, 28-і ғана қалды», – деп атап өтті вице-министр.

Маңызды жаңалықтардың бірі – салықтық есептілікті ұсынбағаны үшін «айыппұлдардан» бас тарту. Егер салық төлеуші декларацияны ұсынбаса, декларация көрсеткіштері нөлге тең етіп тапсырылған деп есептеледі.

Сондай-ақ вице-министр салықтық төуекелдерді басқарудың жаңа моделі туралы айтты. Қолданыстағы төуекелдерді басқару жүйесі бизнес тарапынан көптеген сұрақ туғызады, қолданылатын критерийлер мен олардың құпиялылығына қатысты шағымдар бар. Қазір МКК-де төуекелдер тізілімін қалыптастыру жұмыстары басталды.

Камералдық бақылау процесіне өзгерістер енгізілді. Енді оның аясында анықталған бұзушылықтар туралы емес, қарама-қайшылықтар жайлы хабарламалар жіберіледі.

«Бұл жағдайда салық төлеушіге қатысты қандай да бір шаралар қолданылмайды. Бірақ егер салық төлеуші біздің ескертулерді елемесе, онда оған шығыс операцияларын тоқтата тұруға тура келуі мүмкін», – деді Ержан Біржанов.

## ЕЛІМІЗДЕ ЕТТІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АВСТРАЛИЯЛЫҚ МОДЕЛІ ЕНГІЗІЛІП ЖАТЫР

Мемлекет басшысының өндірістің толық циклын құру жөніндегі тапсырмасы аясында 2024 жылдан бері етті мал шаруашылығында австралиялық тәжірибені енгізу бойынша 5 жоба іске асып жатыр. Олардың арасында жайылымдарды ротациялық пайдалану, малды жем-шөппен қамтамасыз ету, соңғы бордақмалызу кезеңінде арнайы құрама жемдерді беру, сондай-ақ құрама жем және қайта өңдеу кәсіпорындарын дамыту жобалары бар. Бұл шаралар өндіріс шығынын төмендетуге және 50 мың тоннаға дейін ет экспорттауға мүмкіндік береді. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында ҚР ауыл шаруашылығы вице-министрі Амангали Бердалиев мәлімдеді.

Вице-министрдің айтуынша, импортты алмастыру саясаты шеңберінде өнеркәсіптік құс фаб-

рикаларын салу жалғасып жатыр.

«Соңғы жылдары жалпы қуаттылығы 70 мың тонна құс етін құрайтын 6 құс фабрикасы пайдалануға берілді. Осындай жобаларды іске асыру есебінен қамтамасыз ету деңгейін 58%-дан 79%-ға дейін жеткізу мүмкін болды. Сонымен қатар айналым қаражатын толықтыруға арналған жеңілдетілген несиелеу тетігін іске қосу арқылы өндіріс көлемін 360 мың тоннадан 505 мың тоннаға дейін жеткізіп, қолданыстағы өндірістік қуаттарды толық пайдалану мүмкіндігі бар. Қолдаудың бұл түрі Аграрлық несиелік корпорациясы желісі бойынша кешеден бері көрсетіледі», – деп хабарлады Амангали Бердалиев.

Сондай-ақ ол 2026–2028 жылдары жиынтық өндіріс көлемі 241 мың тоннаны құрайтын 8 ірі инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланғанын атап өтті. Мәселен, 2026 жылы жалпы қуаттылығы шамамен 50 мың тонна болатын 4 құс фабрикасы ашылады. Нәтижесінде келер жылы құс етмен қамтамасыз ету деңгейі 90%-ға жетеді, ал 2027 жылы ел тұрғындарын толық қамтамасыз етуге қол жеткізіледі.

Вице-министр сүт өндіру саласында Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесін тарату бағдарламасы аясында жалпы қуаттылығы 352 мың тонна болатын 63 сүт-тауар фермасы салынғанын хабарлады. Жыл соңына дейін тағы екі сүт-тауар фермасын ашу көзделген. Қалған 43 жоба құрылыс кезеңінде тұр және 2026 жылға дейін аяқталады. Бұл жобалар сүт өндірісін 600 мың тоннаға арттырып, ішкі сұранысты толық жабуға мүмкіндік береді.

## СОЛТҮСТІКТІҢ БАРЛЫҚ АУДАНЫНДА ІТ-ОРТАЛЫҚТАР АШЫЛАДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында өңірдің алдағы 5 жылға арналған цифрлық стратегиясы әзірленді. Ол цифрлық инновациялық дамытуға, экономиканың салаларын трансформациялауға және халықтың цифрлық құзыреттерін арттыруға бағытталған. Бұл жұмыс туралы толығырақ облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов ОКҚ алаңындағы баспасөз конференциясында айтып берді.

Оның айтуынша, өңір Quzylyar Creative Center алаңында ІТ мен креативтің

коллаборациясын енгізді.

«Креативтілік пен цифрландыруды біріктіре отырып, дарынды жастар мен инновациялық идеялар үшін қолайлы орта құрылды. Өңірдің аграрлық ерекшелігін ескере отырып, ауылдардағы цифрландыруды дамытуға басымдық берілді. Жуырда аудандық креативті «ІТ-орталық» ашылды. Алдағы уақытта осындай орталықтар облыстың барлық ауданында ашылады», – деп хабарлады өңір басшысы.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ЕНГІЗІЛУДЕ

Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев «Әкімнің цифрлық жұмыс орны» пилоттық жобасының жүзеге асырылуымен танысты. Аталған жоба Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан іске қосылған, деп хабарлайды Primeminister.kz.

«Әкімнің цифрлық жұмыс орны» жүйесі әлеуметтік-демографиялық өзекті деректер мен әрбір үй шаруашылығына қатысты ақпаратқа нақты уақыт режимінде қол жеткізуге мүмкіндік береді. Платформа әкімдерге біріктірілген деректер негізінде жедел басқарушылық шешімдер қабылдауға жол ашады, ақпараттың шашыраңқылығын азайтып, әкімшілік жүктемені төмендетеді.

Бүгінде жоба ел бойынша 34-тен астам ауылдық округте іске қосылып, әлеуметтік қолдау шараларының нақтылығын арттыруға, ашықтықты күшейтуге және қолмен жинақталатын есептерден аналитикалық басқару форматына көшуге мүмкіндік беріп отыр. Модуль «Цифрлық отбасы картасы» инфрақұрылымы негізінде жасалған және 30-дан астам мемлекеттік ақпараттық жүйемен ықпалдастырылған. Бұл әкімдерге халық, үй шаруашылықтары, қолдау шаралары, табыс, тұрғын үй және әлеуметтік осал топтар бойынша бірыңғай және нақты деректер көзіне қол жеткізуге жағдай жасайды.

Алдағы кезеңде жүйе жаңа мәліметтік блоктармен толықтырылмақ. Олардың қатарында салық деректері, субсидиялар мен әскери есепке алынғандар туралы ақпарат бар. Қазақстандағы барлық ауылдық округтерді жүйеге қосу 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған.

**Primeminister.kz**

## ЫЛҒАЛДЫ КӨП ҚАЗЕТ ЕТЕТІН ДАҚЫЛДАРДЫ ЕГУ ЛИМИТТЕРІ ҚАЙТА ҚАРАЛДЫ

Түркістан облысында егінге қажетті суды тиімді бөлу мақсатында вегетация кезеңіндегі күтілетін су көлемін ескере отырып, ылғалсүйгіш дақылдарды егу лимиттері қайта қаралды.

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Түркістанда 2026 жылғы вегетация кезеңіне дайындық мәселелеріне арналған отырыс өткізді. Жиынға су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, су шаруашылығы ұйымдарының, жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының, сондай-ақ аймақтың шаруа қожалықтары өкілдері қатысты.

Кездесуге қатысушылар келесі жылға арналған трансшекаралық судың келу болжамдарын және алдағы суару кезеңінде су ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету шараларын талқылады. Шаруаларға су тапшылығы қаупін азайту үшін су үнемдеу технологияларын енгізудің маңыздылығы және ылғалды көп қажет ететін дақылдарды азайту қажет екені айтылды.

«Ашхабадта өткен Орталық Азия елдерінің Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысында келесі жылы су келу көлемінің азаюы туралы болжам жасалды. Тоқтоғұл су қоймасының деңгейі рекордтық төмен көрсеткішке жету қаупі бар. Қазақстанның оңтүстігінде көктемнен бері жауын-шашын болған жоқ. Өкінішке қарай, бұл аймақтың барлық мемлекетінде кездесіп отырған табиғи процесс. Осыған байланысты, су үнемдеу технологияларын белсенді түрде енгізу және ылғалды көп қажет ететін дақылдарды егу лимиттерін қайта қарау өзекті болып отыр. Жаңа лимиттер 2026 жылғы вегетация кезеңіндегі күтілетін 10 млрд текше метр су көлемін ескере отырып есептеледі. Сонымен бірге лимиттердің сақталуы қатаң бақылауға алынады. Құқық бұзушылар кейін мемлекеттен мүмкін емес нәрсені талап етпеу үшін барлық жауапкершілікті түсінуі керек», — деді Қанат Бозымбаев.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, Түркістан облысында алдағы вегетация кезеңінде күріш егілетін алқап 3,5 мың гектардан аспауға тиіс.

Вице-премьер Ауыл шаруашылығы мен Су ресурстары және ирригация министрліктеріне, сондай-ақ Түркістан және Қызылорда облыстары өкілдеріне жұмыс тобын құруды тапсырды. Олар екі аптаның ішінде облыстардағы су тұтыну лимиттерін анықтап, егіс алқаптарын лимиттерге сәйкес жоспарлап бекітуі тиіс.

Сонымен қатар Қанат Бозымбаев Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Достық» трансшекаралық каналы бойына күріш егуге тығым салу ұсынысын қолдады. Күрішті тек «Қызылқұм» каналының бойында 3,5 мың

гектар алқапта су үнемдеу технологияларын қолдана отырып өсіруге рұқсат етіледі.

Диқандарға ауыл шаруашылық дақылдарын өртараптандыруға және көп су қажет етпейтін құрғақшылыққа төзімді дақылдарды өсіруге ерекше көңіл бөлу ұсынылды. Бұл ауыл шаруашылық өнімділігін арттыруға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және шектеулі су ресурстары жағдайында ауылдық жерлердің тұрақты дамуына мүмкіндік береді.

Суды үнемдеу және заманауи суару жүйелеріне көшуге ынталандыру мақсатында ұңғымаларды бұрғылау, инфрақұрылым тарту және су үнемдейтін жабдықтар сатып алу шығындарын өтеу үлесі 50%-дан 80%-ға дейін көтерілді. Егінге қажетті судың сараланған тарифі енгізілді: су үнемдеу технологияларын қолданатындарға субсидия мөлшері 60%-дан 85%-ке дейін артты, ал қолданбайтындар үшін субсидия жыл сайын 10%-ға азаяды.

2026-2028 жылдарға арналған жалпы трансферттер шеңберінде су үнемдеу технологияларын енгізуді және егінге қажетті су құнын субсидиялауды қолдауға бұрынғы үш жылдық кезеңмен салыстырғанда төрт есе көп қаражат бөлінді.

Бүгінде Түркістан облысында су үнемдеу технологиялары 82 мың гектар алқапта қолданылып жатыр, оның 18,7 мың гектарында жаңбырлатып суару, 63,3 мың гектарында тамшылатып суару жүйелері пайдаланылады. Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының есептеуінше, су үнемдеу технологияларын қолдану суды 20-30%-ға үнемдеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Ауыл аманаты» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарлама ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бюджеттегі микронесиелер ұсынады.

2026-2028 жылдары ауылды дамытуға 450 млрд теңге бөлу жоспарда бар, оның 68,7 млрд теңгесі Түркістан облысына ауыл кәсіпкерлігін кеңейту және кооперативтерді дамытуға бағытталған.

Қанат Бозымбаев «Ауыл аманаты» жобасын тек қаржылық қолдау механизмі ретінде емес, ауылды экономикалық жаңғыртудың маңызды құралы ретінде қарастыру керек екенін атап өтті. Келесі жылдан бастап ауылдық инфрақұрылымға қаржыландыру жалпы трансферттер арқылы жүзеге асырылады. Осыған орай «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясындағы барлық инфрақұрылымдық бастама облыстар мен аудандардың даму бағдарламаларына нақты енгізілуі керек. 2026-2028 жылдарға арналған жергілікті бюджеттерді жоспарлау кезінде өкілдерге өңірлік стандарттар жүйесі көрсеткіштерінің төмендеуіне жол бермеу үшін ауылдық инфрақұрылымды қаржыландыруды қамтамасыз ету тапсырылды.

ҚР Тәуелсіздік күні қарсаңында Мақтаарал ауданы Достық ауылдық округіне қарасты 3 мыңға жуық тұрғыны бар Ж.Қалшораев ауылына табиғи газ берілді. Ауылға көгілдір отынның қосылуына орай ұйымдастырылған шараға аудан әкімі Бақыт Асанов арнайы барып, тұрғындардың қуанышымен бөлісті. Өңір басшысы ауыл халқына жаңа мүмкіндіктің құтты болуын тілеп, бұл жобаның мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған зор қолдаудың нәтижесі екенін атап өтті. Бұрындары сұйытылған газ баллондарын пайдаланып келген халық енді қауіпсіз өрі үздіксіз жылу көзіне қол жеткізді. Бұл қыс мезгілінде тұрғындарға барынша қолайлы жағдай жасаумен қатар, экологиялық тұрғыдан да тиімді шешім болмақ. Ауыл ақсақалдары мен тұрғындары аудан өкімдігіне және іске атсалысқан мамандарға алғыс-

## МАҚТААРАЛДА 3 МЫҢҒА ЖУЫҚ ТҮРҒЫНЫ БАР АУЫЛҒА ГАЗ БЕРІЛДІ



тарын айтып, табиғи газдың келуі – ауыл өмірін жаңа арнаға бұратын қуанышты оқиға екенін жеткізді.

Аудан басшысының айтуынша, елді мекендерді газға қосу жұмыстары жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асы-

рылып келеді. Бұл өз кезегінде өңір тұрғындарының өл-ауқатын арттырып, ауылдардың әлеуметтік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтермек. Жалпы 2026 жылы аудан 100 пайыз табиғи газбен қамтамасыз етілмек.

## АРЫСТА 5 ГЕКТАР АЛҚАПҚА АЛМА БАУЫ БОЙ КӨТЕРДІ



«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Арыс қаласында арнайы жеміс бағын құру жөнінде қала әкімі Қайсар Маңқараев тапсырма берген болатын. Осы мақсатта «Жасыл Арыс» КММ-і 5 гектар жерге 2 000 түп алма көшетін отырғызды. Көшеттер өңірде кеңінен суранысқа ие «Салтанат», «Бес жұлдыз» және «Золотой превосход» сорттарынан таңдалған. Бұл сорттар мол өнімділігімен, ерекше дәммен және 5-6

метрге дейін жететін биіктігімен ерекшеленеді.

Жасыларыстықтар жұмыстарды алдын ала тыңғылықты дайындықтан бастаған. Жер жыртылып, тегістеліп, арнайы техникамен стандартқа сай ұялар қазылды. Көшеттердің түптеріне қажетті тыңайтқыштардың толық құрамы енгізіліп, суғару үшін екі үлкен су қоймасы мен су ұңғымасы өзіндікпен.

«Қала басшысы жеміс бағын ұлғайту жөнінде нақты тапсырма берген еді. Осыған орай топырақ құрамын зерттеп, ең қолайлы үш сортты таңдадық. Алдағы уақытта тамшылатып суару жүйесін орнату жоспарымызда бар. Сөгіп салса, арыстықтардың өз алма бағы қалыптасады, — дейді «Жасыл Арыс» КММ директоры Бақтияр Асыллов.

Жаңа алма бағы Теміржолшы елді мекеніне баратын жолдың бойындағы 50 гектар арнайы аймақта орналасқан. Аумағы толық қоршалып, инженерлік дайындық жұмыстары толықтай аяқталған. Болжам бойынша, 2027-2028 жылдары ағаштар алғашқы өнімнің нышанын бермек.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ТЕРЕҢ ӨҢДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ІРІ ЖОБАЛАРДЫҢ АУҚЫМЫН КЕҢЕЙТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ШАРА ӨТТІ

Түркістан облысына ҚР Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті іс-сапармен келді. Сапар барысында «SPK Turkistan» өндірістік парк пен «Түркістан» индустриалды аймағында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Оның ішінде, көкөніс сақтау қоймасы, «BNK GROUP» ЖШС-нің жаңбырлатып және тамшылатып суғару жүйесінің өндірісімен және «Тұран су» МКК-нің тамшылатып суғару жүйесінің өндірісімен танысты.

Сонымен қатар, Түркістан қаласындағы Достық үйінде ауыл шаруашылығы саласын өртараптандыру және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу жөніндегі ірі жобалардың ауқымын кеңейту мәселелері бойынша комитеттің көшпелі отырысы өтті. Осы орайда, кездесуге Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы Әли Бектаев, ҚР Ауыл шаруашылығы Вице-министрі Ербол Тасжүреков, Түркістан облысының әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков, Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы Нұрлы Әбішев және облыстық Ауыл шаруашылығы басқарма басшысы Файзулла Байдуллаев,

облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Асылан Ибадуллаев қатысты.

Жиында сөз алған ҚР Ауыл шаруашылығы Вице-министрі Ербол Тасжүрековтың сөзінше, 2026 жылы Түркістан облысында қуаттылығы жылына 150 мың тонна жүгеріні терең өңдейтін «Казкрахмал» ЖШС өндірістік кешенін іске қосу жоспарлануда. Онда крахмал өнімдері өндіріліп, 500 жұмыс орнын құру көзделуде.

Облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтың айтуынша еліміздегі жалпы өнім көлемінің 13% өңірге тиесілі. Осы ретте, биыл 10 айда 1 трлн 86 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Сонымен қатар, биыл ауыл шаруашылығы дақылдары өткен жылдан 34 мың гектарға ұлғайып, 907 мың гектарға орналастырылған. Егіс құрылымына сәйкес, дәнді дақылдар көлемі 9 мың гектарға артып 342 мың гектарға, майлы дақылдар 2,4 мың гектарға артып 73 мың гектарға, мақта 38 мың гектарға артып 144,5 мың гектарға орналастырылған.

«Түркістан облысының агроөнеркәсіптік кешені Республикада ерекше орын алады. Республика бойынша өндірілген мақтаның - 100%, жүзімнің -82%, бақшаның - 75%, жеміс-жидектің - 40%,

көкөністің - 30%, жүгерінің - 27 облыстың еншісінде. Мал шаруашылығы бойынша өндірілген еттің 12%, сүттің 13% облысымыздың үлесінде. Бұл облыстың ауыл шаруашылығымен қатар, қайта өңдеу және тоқыма өнеркәсібінің ауқымды шикізат базасы ретінде қалыптасып, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жоғарғы әлеуетін көрсетеді. Ағымдағы жылы су үнемдеу технологияларын 27 мың гектарға енгізу жоспарланып, нақты 59 мың гектар алқапқа орналастырылды. Сонымен қатар, 2026 жылға жылдық қуаттылығы 30 мың гектар алқапты құрайтын 2 кәсіпорын іске қосылды. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығын шикізат өндіруден дайын өнім шығаруға бейімдеу мақсатында облыста үш кластерлік жобаны іске асыру жұмыстары басталды. Оның ішінде, мақта шикізатына экспорттық тәуелділікті жою бағытында, мақта-тоқыма кластерін құру бойынша 5 жоба жүзеге асырылады. Жобалардың өңдеу қуаттылығы жылына 193,3 мың тоннаны құрайды, 7 мыңнан астам жұмыс орнын құру көзделуде», — деді Нұрбол Тұрашбеков.

**Бетгі дайындаған:**  
**Арайлым**  
**ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.**

Шымкент қаласында ұлттық мұраның мәйегін жас ұрпақ бойына сіңіру мақсатында Ж. Шанин атындағы академиялық қазақ драма театрының сахнасында ұйымдастырылған оқушылар арасындағы «Мен елімді жырлаймын» республикалық айтысы өтті. Қала әкімдігінің қолдауымен өткен бұл жыр додасына елдің 14 өңірінен келген 16 дарынды жас ақын жиналды.

Айтысқа дайындық жұмыстары 5 желтоқсанда «Қаратау» дәстүрлі өнер мектебінен басталды. Бұл күні жас ақындар еліміздің белгілі айтыскерлерімен жүздесіп, шеберлік сағатына қатысты. Шығармашылық тәжірибемен бөлісіп, ақындық өнердің қыр-сыры туралы бағыт-бағдар берген ұстаздар қатарында Анар Жаппарқұлова, Өміржан Көпбосынов, Біржан Байтуов және Нұрлан Есенқұлов болды. Соңғы жылдары арнайы айтыс сыншыларын ашып, жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқан Қаратау дәстүрлі өнер мектебі бүгінде республикамыздағы айтыс орталықтарының біріне айналып үлгерді. Оның нақты дәлелі, жуырда ғана осы мектептің шәкірттерінің «Қола домбыра»

айтысында жеңіске жетуі болды.

Айтыстың әділ бағасын беру үшін құрамы беделді мамандардан тұрған қазылар алқасы шақырылды. Жыр сайысына филология ғылымдарының кандидаты, Құрмет орденінің иегері, республикалық айтыстардың жеңімпазы Серікзат Дүйсенғазы төрағалық етсе, алқа құрамында Бекарыс Шойбеков, Жансая Мусина, Өміржан Көпбосынов және Анар Жаппарқұлова болды. Қазылардың бұл құрамы жас ақындардың өнерін жан-жақты бағалауға

## 14 ӨҢІРДІҢ ЖАС АҚЫНДАРЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АЙТЫСТА БАҚ СЫНАДЫ



мүмкіндік берді.

Айтыстың ашылуында сөз алған Серікзат Дүйсенғазы ұлттық өнердің тәрбиелік мәнін атап өтіп, Шымкент төрінде өтіп отырған бұл додаға ерекше бағасын берді. Оның айтуынша, Мұхтар Әуезовтің айтысты дала театры деп атауы бекер емес, себебі айтыс – қазақтың сөз өнерін ғана емес, сахна мәдениетін, актерлік шеберлікті, эмоциялық жеткізу өнерін тұтастай қамтитын күрделі жанр. Осы тұрғыдан алғанда, балапан ақындардың дәл кәсіби театр сахнасында өнер көрсетуі ұлттық өнерді құрметтеудің және жас ұрпаққа дұрыс бағыт сілтеудің белгісі болмақ.

## МЕГАПОЛИСТЕ МҰЗ АЙДЫНЫ БАР



ты, жарықтандырудың заманауи жүйесі, тынығуға арналған аймақтар және коньки жалға беру пункттері қарастырылған. Инвесторлар орнатқан тоңазытқыш құрылғылардың арқасында ауа райы құбылмалы болса да, мұз сапасы тұрақты сақталады. Бұл – қысқы маусымның үздіксіз өтуіне мүмкіндік беретін маңызды фактор.

Жақын уақытта Арбатта және «Мұз сарайының» жанында тағы екі жаңа сырғанақ алаңы пайдалануға берілімек. Осылайша қаладағы қысқы белсенді демалыс локациялары көбейіп, отбасылық және достық серуендерге қолайлы инфрақұрылым кеңейе түседі.

Өз коньки бар азаматтар мұз айдындарына тегін кіре алады, ал жабдығы жоқтар үшін жалға алу қызметі қолжетімді.

Бұл бастама Шымкенттің туристік беделін күшейтіп, қалаға келетін қонақтарға жаңа әсер сыйлайды. Қыстағы ашық мұз айдындары мерекелік атмосфера қалыптастырып, фотосуретке түсетін тартымды орындарға, түрлі іс-шаралар мен фестивальдер өткізілетін кеңістікке айналады. Мұндай нысандар қала экономикасына да оң әсер етіп, қызмет көрсету саласының дамуына жол ашады.

Қыс маусымын қызықты өткізу үшін барлық тұрғындар мен меймандарды мұз айдындарының жабдықтарына ұқыппен қарауға, тәртіп пен қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырамыз. Шымкенттің қысқы көркін бірге тамашалап, белсенді демалыстың жаңа мүмкіндіктерін пайдаланыңыздар!

Биылғы қыс Шымкент қаласына ерекше серпін әкелмек. Қалада алғаш рет Астана алаңында ашық аспан астында жұмыс істейтін мұз айдыны іске қосылды. Алдағы демалыс күндері осы аумақта екінші сырғанақ алаңы ашылып, белсенді өмір салтын ұнататын тұрғындармен қонақтардың қызығушылығы арта түсуі күтілуде.

Қыста уақытты тиімді өткізуге арналған жаңа демалыс аймақтарын қалыптастыру бастамасы қала басшылығының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып отыр. Басты міндет – шымкенттіктер мен қалаға келушілерге жайлы, қауіпсіз әрі мазмұнды қысқы демалыс ұсыну. Мұндай жобалар Шымкенттің тек жазда ғана емес, қыс мезгілінде де туристерге тартымды бағытқа айналып келе жатқанын көрсетеді.

Жаңадан ашылған мұз алаңдары барлық қауіпсіздік талаптарына сай жабдықталған: біркелкі мұз қаба-

## ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ – КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ

Шымкент қаласында биыл әлеуметтік тұрғыдан қолдауды қажет ететін 431 азаматқа комиссияның оң шешімімен 400 АЕК-ке дейінгі мемлекеттік қайтарымсыз гранттар берілді. Қаржылай қолдауға ие болғандардың көпшілігі бөлінген қаражатты мақсатқа сай пайдаланып, өздерінің шағын кәсібін дамытуға кірісіп кеткен.

Осындай жандардың бірі – көп балалы ана, қала тұрғыны Ақмейір Қабылбек. Ол грантқа құжат тапсырып, жобасын комиссия алдында қорғау барысында жақсы нәтижеге қол жеткізген. Соның арқасында 400 АЕК көлеміндегі грантқа ие болып, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған түзету және дамыту орталығын ашу арманын жүзеге асырды.

2025 жылғы есептік көрсеткіштер бойынша 400 АЕК сомасы 1 572 800 теңгеге тең. Кәсіпкер бұл қаражатқа ерекше балаларға арналған тренажер-велосипед, электрлі жүру жолақ-

тары, батут, татами, орындықтар және логопедиялық жабдықтар сатып алған. Ал орталық орналасатын ғимаратты өз қаражаты есебінен жалға алып, жұмысын бастап отыр.

Қазіргі таңда орталықта 5 жасқа дейінгі ерекше қолдауды қажет ететін 20 балаға логопед, АВА-терапевт, сенсорлық интеграция маманы және АФК бойынша маман қызмет көрсетуде. Бұл орталық балалардың дамуына ғана емес, ата-аналар үшін де кәсіби көмек алуға үлкен мүмкіндік ұсынып отыр.

Айта кету керек, грант иелерін анықтау кезінде комиссия жобаның жүзеге асу мүмкіндігіне, оның экономикалық тиімділігіне, сұраныс деңгейіне және өтініш берушінің саладағы тәжірибесіне ерекше назар аударады.

Сонымен қатар, грант қаражатын тұрғын үй немесе жер телімін сатып алуға, несие қарыздарын жабуға және акцизделетін өнімдерді өндіруге пайдалану қатаң түрде шектеледі.

## АҒАСЫНА АҒЗАСЫН СЫЙПАДЫ



ған терапия бүйрек қызметін уақытша алмастырып, науқастың күнделікті өмір сапасына елеулі әсер етеді. Гемодиализ аппараты демалыс күндері жұмыс істемегендіктен, науқас сенбі және жексенбі күндері келесі емдомды күтумен күрделі жағдайда өткізген.

Осындай жауапты сәтте інісінің донор болуға шешім қабылдауы – бауырмалдықтың, адамгершілік пен жоғары жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Ота №1 қалалық клиникалық ауруханасының жоғары білікті трансплантолог-дәрігерлер тобының қатысуымен жүргізілді. Бүйрек трансплантациясы реципиенттің өмір сапасын айтарлықтай жақсартып, толыққанды өмірге қайта оралуына зор мүмкіндік береді.

Айта кетейік, №1 қалалық клиникалық ауруханасында ағза трансплантациясы медициналық көмектің жоғары технологиялық түрі ретінде жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

Шымкентте 244-ші бүйрек трансплантациясы сәтті өтті. Шымкент қаласындағы №1 қалалық клиникалық ауруханада бүйрек трансплантациясына арналған 244-ші ота сәтті аяқталды. Бұл жолы донор – науқастың туған інісі болып, ағасының өмірін сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Реципиент 2020 жылдан бастап «созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі» диагнозымен дәрігерлердің тұрақты бақылауында болған. 2023 жылдан бері гемодиализ емін қабылдап келген. Атал-

Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК

## ЖЫЛЫНА 36 МЫҢ ТОННА КӨКӨНІС ӨНДІРЕТІН ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ САПЫНАДЫ

Қаратау ауданында құны 69 млрд теңгені құрайтын заманауи жылыжай кешенінің құрылысы басталды. Жобаға поляктық Fabe-Agro компаниясы бастамашылық жасады және негізгі инвестор да осы компания.

Жаңа кешен көкөністер, бақша өнімдері, тамыржемістер мен түйнектер өсіруге арналған және жалпы аумағы 144 гектар.

Қазіргі уақытта нысанда инженерлік коммуникацияларды тарту жұмыстары жүргізілуде.

Толық іске қосылғанда кешенде жыл сайын 36 мың тоннаға дейін көкөніс өнімдері өндірілетін болады.

Жобаны аяқтау 2028 жылға жоспарланған.

Зілді әзіл

## «ЖИНАЛЫСҚА АЙНАЛҒАН ҚҰДАЛЫҚ»

Мен танысымның үйіндегі құдалықта отырмын. Кең зал, келісті дастархан, думандатқан көпшілік – отырыс қызып-ақ кеткен.

Мәзірде не жоқ дейсіз? Қазақшалап айтқанда, құс сүтінен басқаның бәрі бар. Бетіне қалампыр себілген күлше нандар, ромбик тәрізді, шет-шетіне жырым-жырым өрнек салынған алтын түстес төрелкелерге қойылған төтті тоқаштар, сақиналай туралып тауық етімен араластырылған қазы-қарталар, гүл пішінінде кесіліп дәндері алынып тасталған қарбыз кесінділері, ұзыншалап тіліп, көлденең бөліктерге бөлінген қауын тілімдері, ноқат пен сәбіз араластырып, жұмыртқа қосқан салаттар, түр-түсі қоңыр, қаз бен үйрек пішіндес шоколад құймалары.

Көтеріңкі вазаларға ұқыптап салынған алма, жүзім, апельсиндер... Әрине, сусындар мен шараптардың түр-түрінің қалай қойылғаны жайлы айтпасам да болады – олардың қандай талғаммен орналастырылғанын оқырман өзі-ақ аңғарып отыр. Сосын бөлме ішіне көз жүгірте бастадым. Кез келген қарапайым үйде болатыны сияқты, сыртына қағаз жапсырылған қабырға жихазы мұнда да бар екен. Оның төбесіне қатарластыра қойылған пластмасса ойыншықтар: аю, қасқыр, түлкі және ақ көйлек киген қуыршақ қыз жайғасыпты. Сонымен қатар перделер, кілемше, төбеде бес патроны болғанымен, біреуіне ғана шам орнатылған әшекейлі люстра. Шамасы, қуат көзін үнемдеген болу керек.

Бәрі дұрыс!  
Бірақ мен секемшіл адаммын. Кейінгі қатарда отырған өз орнымды барлай бастадым. Біздің жақта жайғасудың өзгермес өз заңы бар емес пе?

«Мен осы дұрыс отырмын ба?» – деп ойладым.

Құдалар жағы он бес адам екен. Төрде бас құда мен келіннің әкесі, нағашысы, одан кейін жасы кішілеу болса да тағы бір туысы отыр. Одан әрі келіннің шешесі, екі апасы, көрші ауданнан арнайы шақырылған қылғиғаң құдаша мен жеңгесі жайғасыпты.

Ал мына кісілер – ауыл ақсақалдары, көрші-қолаң, кесе ұсынушылар, шай құйғыштар, суып қалған шәйнектерді дер кезінде ауыстырып жүретін пысық жігіттер. Ауыл заңы осылай – олар қашанда осы ретпен отырады.

Жағдайға қарағанда, жаман отырмаған сияқтымын – орта тұстан орын тиіпті. Кезек сөз тілек айту үшін ауыл ақсақалына берілді. (Құда бірінші боп сөйлеп қойған.)

Қария сөзін асықпай бастады:  
– Айналайын қарақтарым...

Құдай-ай! Дәл осы сәтте танысымның көршісі – өкім мырза кіріп келмесі бар ма! Көршісі болған соң шақыра салған ғой.

Өкім көрсек өре түрегелетін әдетіміз! Сол үрдіспен біз де төмен жылжып, «қымбат кісіні» төрге отырғыздық. Қария сөзін қайта жалғады:

– Айналайын құдалар...

Бұл қырсықты қойсаңызшы. Ақкөңіл бауырларымды мен түзетпеймін ғой. Өкім келсе көтеріліп кететін мінезіміз бар. Сол сөт тапал сары жігіт өкімге қарап:

– Әбеке, көпір жайы не болмақ? Жақын арада қолға аласыздар ма? – деп сұрап қалмасы бар ма.

– Бюджеттен қаржы бөлінсе, жөндейміз, – деді өкім.

– Жол ше?

– Оны да.

Мен оңбаймын ғой! Қария сөзін толық айтты ма, айтпады ма – аңғармаппын. Бәріміз де солай болған шығармыз.

Асаба сөзді ақсары құдағига берді.

Мына сөзді ол айтты – деп біліңіздер:

– Қадірменді құдалар! Екі жас өсіп-өніп...

Әй, бізді ұратын адам жоқ қой! Ақкөңілдігіміз қай жерде абырой өпере қояр еді? Орта жастағы бір кісі:

– Әбеке, биыл несие жайы қалай болмақ? Азын-аулақ жерім бар еді, соған арпа-бидай ексем, – деп сайрай жөнелгені!

– Еге беріңіздер, жаман болмайсыздар, – деді өкім.

– Былтырғыдай боп жүрмей ме?

– Былтыр қалай болып еді?

– Ойбай, бізге келгенде жанар-жағармай қымбаттап, егінімізді жинап ала алмай қалдық қой!

– Әй, оған өкім мырзаның не қатысы бар?

– деп бір кісі басу айтты.

– Жай сұрай салғаным ғой...

Құдай-ай, сүйер қылығымыз жоқ! Сәл де болса құдағидың сөзін тыңдасақ болар еді. Өкінішке қарай, ақсары құдағидың не айтқаны біріміздің де есімізде қалмапты.

Сөз кезегі келіннің нағашысына берілді.

Тыңдап көрейік, ол не деді екен?

– Күйеудің үш жұрты бар, – деді ол. – Өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты. Өз жұртың – туған жерің...

Жаратқан бізді қалай болса солай асығыс жарата салған-ау деймін! Оның салдарын әр жерде көріп жүрмін. Соның дәлелі – сөйлеушінің сөзін бөліп, өкім мырзаға қойылған сұрақтар.

Олар былай деді:

– Шетелдерде жағдай қиын дейді.

– Ауғанстанда автобус аударылып, қанша адам қаза тапты дейді. Сол рас па?

«Өздеріне де обал жоқ, жол ережесін сақтамай ма?» – деген өкімнің жауабы мен кейбір дегбірсіздердің:

– Әбеке, биыл шөп мәселесі қалай болар екен? Аспаннан тамшы тамбай тұр ғой, – деп өкімге қарата айтқандары – айтқандар.

Тост одан кейін де талай адамға берілді. Қылмиған құдаша да сөйледі. Бәрі отырып сөйлесе, ол орнынан тұрып, қаладағы бір университетте сырттай оқытынын айтып, бокалын жоғары көтеріп тұрып сөзін бастады.

Мынау – соның сөзі:

– «Үйлену оңай, үй болу қиын!» Екі жасқа тілейтінім – өмірде бақытты жанұя болып, аңсаған армандарына жетіп, өздерінің...

Тұрмысқа шықпаған жас болса да, осылай сөйледі. Және сөйлеген кезде аузындағы алтын тістері жарқырай көрініп тұрды.

«Осы біз қиын мұсылмандармыз-ау!» – деп ойлады. Оған мысал – құдашаның сөзін бөліп, өкім мырзаға жарыса сұрақ қойған екі жігіт.

Сұрақтың соңы көп жиында кездесе беретін ерегеске айнала жаздады.

Олар былай деді:

– Енді биыл қандай жәрдем бересіздер?

– Кімге? – деді өкім салмақты дауыспен.

– Ауылға ғой!

– Өз күндеріңізді өздеріңіз көресіздер.

– Желңдікпен несие береді деген қайда?

– Ол әншейін бос сөз болу керек.

Манадан бері ішілген шараптың буы әсер етті ме, екі жігіт қонаңдап, айнала абырдабырға айналды.

Көп ішінен біреу тұрып:

– Онда дауысқа саламыз! – деді.

Пікір көз алдымызда екіге жарылды.

– Әркімнің сөзі дұрыс дегендеріңіз оң қолдарыңызды көтеріңіздер. Бір, екі, үш, төрт!

– Енді анау жігіттердің сөзі дұрыс дегендеріңіз сол қолдарыңызды көтеріңіздер. Бір, екі, сегіз, он!

